

Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы Одақтастық қатынастар туралы шартты ратификациялау туралы

Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 9 қарашадағы N 187 Заңы

Астанада 2003 жылғы 25 желтоқсанда қол қойылған Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы Одақтастық қатынастар туралы шарт ратификациялансын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

**Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы
Одақтастық қатынастар туралы**

ШАРТ

(2006 жылғы 30 қазанда күшіне енді -
Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені,
2007 ж., N 1, 6-құжат)

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Шартқа өзгерту енгізу көзделген - ҚР 2010.03.15 № 256-IV Заңымен.

Бұдан әрі Уағдаласушы Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасы мен
Қ ы р ғ ы з Р е с п у б л и к а с ы ,

Уағдаласушы Тараптар халықтарының арасындағы достық пен тату көршіліктің,
бауырластық қатынастардың терең дәстүрлерін негізге ала отырып,

Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы Мәңгілік достық
туралы 1997 жылғы 8 сәуірдегі шартты басшылыққа ала отырып,

Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының, Хельсинки қорытынды актісінің және
Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі ұйымның басқа да
құжаттарының мақсаттары мен қағидаттарына, халықаралық құқықтың жалпы жұрт
таныған қағидаттары мен нормаларына өздерінің адалдықтарын растай отырып,

өзара құрмет тұтудың, сенім білдірудің, келісімнің және тең құқықтың негізінде екі
жақты көп қырлы ынтымақтастықты нығайтуға өзара ұмтыла отырып,

өңірлік қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету, терроризмнің, экстремизмнің
, ұйымдасқан қылмыстың, есірткі бизнесінің, заңсыз көші-қонның кез келген
көріністеріне және ұлттық қауіпсіздікке төнетін басқа да қатерлер мен қауіптерге
бірлесіп қарсы тұру мәселелерінде өзара іс-қимыл қажеттігін негізге ала отырып,

одақтастық қатынастарды орнату екі мемлекеттің әлеуметтік және экономикалық
прогресінің мүдделері үшін күш-жігерді біріктіруге мүмкіндік береді және Қазақстан

мен Қырғызстан халықтарының түбегейлі мүдделеріне жауап береді деп кәміл сене
о т ы р ы п ,
мемлекетаралық ынтымақтастықтың қол жеткізілген жоғары деңгейін атап көрсете
о т ы р ы п ,
өздерінің қатынастарына жаңа сапа беруге ұмтыла отырып,
төмендегілер туралы уағдаласты:

1-бап

Уағдаласушы Тараптар саяси, экономикалық, әскери, әлеуметтік, ғылыми, технологиялық, мәдени салаларда және гуманитарлық қарым-қатынаста көп қырлы ынтымақтастықтың нысандары мен тетіктерін одан әрі ілгерілету, жандандыру және жетілдіру мақсатында одақтастық қатынастар негізінде екі жақты ынтымақтастықты дамытуды жалғастырады.

2-бап

Уағдаласушы Тараптар арасындағы одақтастық қатынастар мемлекеттердің егеменді теңдігін, тәуелсіздігін, аумақтық тұтастығын, еріктілігін сақтау және өздері қабылдаған міндеттемелерді адал ниетпен орындау қағидаттарына негізделеді.

3-бап

Уағдаласушы Тараптар өзара қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөнінде бірыңғай саясат жүргізеді және халықаралық терроризмге, экстремизмге, ұйымдасқан қылмысқа, есірткі бизнесіне, заңсыз көші-қонға және ұлттық қауіпсіздікке төнетін басқа да қатерлер мен қауіптерге қарсы күресте өзара тығыз іс-қимыл жасайды.

4-бап

Уағдаласушы Тараптар тиісті консультациялар жүргізе отырып, өзара мүддені білдіретін негізгі халықаралық проблемалар мен мәселелер бойынша ұстанымдарын айқындау кезінде өзара тығыз іс-қимыл жасайды.

5-бап

Уағдаласушы Тараптар өздері қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес әскери саладағы қызметті үйлестіруді жүзеге асырады.

Уағдаласушы Тараптар сенімді қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында әскери құрылыстың ортақ қағидаттарын әзірлейді.

6-бап

Уағдаласушы Тараптар Уағдаласушы Тараптардың кез келгеніне қарсы шабуыл актісі жасалған жағдайда, әскери көмекті қоса алғанда, Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының 51-бабына сәйкес ұжымдық қорғаныс құқығын жүзеге асыру тәртібімен, сондай-ақ Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының шеңберіндегі тетіктерді пайдалана отырып, бір-біріне қажетті көмек көрсетеді.

7-бап

Уағдаласушы Тараптар осы Шарттың және өздері қатысушылары болып табылатын басқа да халықаралық шарттардың ережелеріне сәйкес өздерінің мемлекеттік шекараларын тиісті түрде қорғау үшін қажетті шараларды жүзеге асырады және мемлекеттік шекараларын қорғау жөнінде бірыңғай саясат жүргізеді.

Уағдаласушы Тараптардың құзыретті органдары Уағдаласушы Тараптардың аумақтарында үшінші мемлекеттер азаматтарының болуы туралы ақпаратпен тұрақты түрде алмасады, сондай-ақ бір Уағдаласушы Тарап азаматтарының екінші Уағдаласушы Тараптың аумағына кедергісіз келуі, кетуі және онда болуы үшін қажетті шараларды келіседі және қабылдайды.

8-бап

Уағдаласушы Тараптар өзара экономикалық ықпалдастықты тереңдету үшін
ж а ғ д а й л а р ж а с а й д ы .

Осы мақсатта Уағдаласушы Тараптар негізгі экономикалық көрсеткіштерін кезең-кезеңімен жақындастыру, заңнамаларын үйлестіру және келісілген құрылымдық экономикалық саясатты жүргізу жөнінде шаралар қабылдайды.

9-бап

Уағдаласушы Тараптар қаржылық, ақша-кредит, бюджеттік жүйелерін үйлестіруге бағытталған іс-шараларды жүзеге асырады, сондай-ақ келісілген инвестициялық, төлем-есеп айырысу, сондай-ақ сыртқы сауда саясатын жүргізеді.

Уағдаласушы Тараптардың аумақтарында қаржылық-экономикалық және инвестициялық қызмет, бірлескен кәсіпорындар құру үшін Уағдаласушы Тараптар қолайлы жағдайлар жасайтын болады.

10-бап

Уағдаласушы Тараптар бағалы қағаздар рыноктарын ықпалдастыру және тиісті түрде реттеу жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады.

11-бап

Уағдаласушы Тараптар бірлескен көлік-коммуникация және энергетикалық жүйелердің ортақ инфрақұрылымын құру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады, сондай-ақ стандарттау, метрология және сәйкестігін бағалау саласында келісілген саясат жүргізеді.

12-бап

Осы Шартта көзделген ережелерді кезең-кезеңімен іске асыру мақсатында Уағдаласушы Тараптар Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы Экономикалық ықпалдастық жөніндегі іс-қимыл жоспарын қабылдайды, ол осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

13-бап

Уағдаласушы Тараптар өздері қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес су объектілерін, су-энергетикалық ресурстарды және су шаруашылығы құрылыстарын ұтымды әрі өзара тиімді пайдалану саласында келісілген іс-қимылды жүзеге асырады.

14-бап

Уағдаласушы Тараптар ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігін арттыруды, халықты азық-түлікпен және өнеркәсіпті шикізатпен қамтамасыз етуді жақсартуды, агроөнеркәсіптік кешендердің тауар өндірушілерін қолдауды және қорғауды, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру жөніндегі бірлескен кәсіпорындарды ұйымдастыруды, сондай-ақ өздері қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес Уағдаласушы Тараптардың бірінің аумағында өндірілетін ауыл шаруашылығы тауарларының транзиттік тасымалы үшін өз аумақтарында қолайлы жағдайлар жасауды көздейтін келісілген аграрлық саясат жүргізеді.

15-бап

Уағдаласушы Тараптар индустриялық-инновациялық саясатты іске асыру мақсатында жаңа өндірістік қуаттарды ұтымды орналастыру және қазіргі барларын жаңғырту жөніндегі іс-шараларды келіседі.

16-бап

Уағдаласушы Тараптар бірыңғай ақпараттық кеңістікті қалыптастыру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады.

17-бап

Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы өздері қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес білім алу, еңбекке орналастыру, еңбекке ақы төлеу, басқа да әлеуметтік кепілдіктер беру кезінде екінші Уағдаласушы Тарап азаматтарының тең құқықтарына кепілдік береді.

Осындай қатынастарды құқықтық тұрғыдан реттеуді қамтамасыз ету мақсатында Уағдаласушы Тараптар тиісті халықаралық шарттарды жасасады.

18-бап

Уағдаласушы Тараптар екі мемлекеттің парламенттері арасындағы ынтымақтастықты тереңдетуге және кеңейтуге жәрдемдеседі.

19-бап

Осы Шарттың мақсаттары мен міндеттерін орындау үшін Уағдаласушы Тараптар Жоғары Мемлекетаралық Кеңес (Мемлекеттердің, үкіметтердің және парламенттердің басшылары) құрады.

Жоғары Мемлекетаралық Кеңестің қызметін үйлестіру Сыртқы істер министрлерінің кеңесіне жүктеледі.

Жоғары Мемлекетаралық Кеңесті мемлекеттер басшылары басқарады және ол Уағдаласушы Тараптардың ортақ мүдделеріне байланысты анағұрлым маңызды мәселелерді қарайды, одақтастық қатынастарды дамытудың стратегиясын, негізгі бағыттарын анықтайды және осы Шартты іске асыруға бағытталған шешімдерді қабылдайды.

Жоғары Мемлекетаралық Кеңес жұмысының тәртібі Ережемен белгіленеді, ол Жоғары Мемлекетаралық Кеңестің шешімімен бекітіледі.

Жоғары Мемлекетаралық Кеңес өзінің отырыстарын кем дегенде жылына бір рет өткізеді.

20-бап

Осы Шарт өздері қатысушылары болып табылатын басқа да халықаралық шарттардан туындайтын Уағдаласушы Тараптардың құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

21-бап

Осы Шарттың ережелерін түсіндіруге және қолдануға қатысты даулар
Уағдаласушы Тараптардың арасында консультациялар мен келіссөздер өткізу арқылы
ш е ш і л у і т и і с .

Уағдаласушы Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Шартқа осы Шарттың
ажырамас бөліктері болып табылатын және осы Шарттың 23-бабында көзделген
тәртіппен күшіне енетін жекелеген хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен
толықтырулар енгізілуі мүмкін.

22-бап

Осы Шарт Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының 102-бабына сәйкес осы Ұйымның
Хатшылығында тіркелетін болады.

23-бап

Осы Шарт бекітілуге жатады және Уағдаласушы Тараптар оны бекіткендігі туралы
соңғы жазбаша хабарлама алынған күннен бастап күшіне енеді.

Осы Шарт белгіленбеген мерзімге жасалады және Уағдаласушы Тараптардың бірі
оның қолданысын тоқтату ниеті туралы екінші Уағдаласушы Тарапқа жазбаша
хабарлама жіберген күннен бастап он екі ай өткенге дейін күшінде болады.

2003 жылғы 25 желтоқсанда Астана қаласында әрқайсысы қазақ, қырғыз және орыс
тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды және де барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Шарттың ережелерін түсіндіру кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда,
Уағдаласушы Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

Қ а з а қ с т а н

Қ ы р ғ ы з

Республикасы үшін

Республикасы үшін

Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы

арасындағы экономикалық интеграция бойынша

іс-қимыл жоспары

Р / с N	Іс-шаралар	Орындалу мерзімі (жылдар)
I бөлім. Сыртқы сауда саясаты саласында Тауар саудасы		
1	Екі елде шығарылатын тауарлар, соның ішінде экспорттық тауарлар туралы ақпарат алмасу жүйесін құру	2004
*2	Сыртқы саудада арнайы қорғау, өтемдік және демпингке қарсы шараларды ДСҰ нормалары мен ережелеріне сәйкес қолдану саласындағы нормативтік құқықтық кесімдер мен құқық қолдану практикасын үйлестіру: - үшінші елдермен саудада бірыңғай демпингке қарсы, өтемдік және арнайы	

	қорғау шараларын қолдану ережелерін әзірлеу; - өзара саудада демпингке қарсы, өтемдік және арнайы қорғау шараларын кейіннен алып тастау мақсатында шаралар әзірлеу	2005-2006 2006
Қызмет көрсетулер саудасы		
3	Қызмет көрсетулер рыногына қол жеткізу режимін ырықтандыру жөніндегі шараларды әзірлеу. Екі елдің жалпы қызмет көрсету рыногының қалыптасуы үшін бірінші дәрежедегі маңызы бар қызмет көрсетулерді ұсынатын салалар қызметтерінің тізбесін айқындау	2004-2005
4	Қызмет көрсетулер саласында заңнамаларды үйлестіру жөніндегі шараларды әзірлеу және қабылдау	2004-2005
*5	Басым салалардағы қызмет көрсетушілерге (лицензиялар, сертификаттар) біліктілік талаптарын өзара тану	2005
*6	Қызмет көрсетулер саудасына неғұрлым қолайлы жағдай туғызу режимінен алып тастаулармен әр Тарап ДСҰ-ға кіру кезінде қабылдаған міндеттемелерге сәйкес үшінші елдермен шарттық-құқықтық қатынастарда екі ел пайдасына келісу	2004-2006
Тарифтік емес реттеудің бірыңғай шараларын қалыптастыру Техникалық реттеу саласындағы заңнамаларды үйлестіру		
7	ДСҰ-ның нормаларымен және ережелерімен: - техникалық, медициналық, фармацевтикалық, санитарлық, ветеринарлық, фитосанитарлық және экологиялық стандарттар мен нормаларды, ережелер мен енгізілетін тауарларға қатысты талаптарды; - екі ел аумағына енгізілетін тауарларға қатысты стандарттар мен талаптарды қолдану тәртібі; - екі елдің кедендік аумағында міндетті сәйкестік бекітуде жатқызылатын өнімдерді енгізу тәртібі; - техникалық регламенттерді әзірлеу, қабылдау, өзгерту және алып тастау тәртібін; - техникалық регламенттерді қолдану үшін қажетті зерттеулер (сынақтар) мен өлшемдер ережелері мен әдістерін сәйкес келтіруге келісу саласында жұмыстар жүргізу	2004-2005
8	Екі елдің техникалық реттеу саласындағы заңнамаларына олардың ДСҰ-ның сауда-саттықтағы техникалық кедергілер бойынша және санитарлық, ветеринарлық және фитосанитарлық шараларды қолдану жөніндегі келісімдеріне сәйкестігіне салыстырмалы талдау жүргізу	2004-2005
*9	Тауарлардың импорты мен экспортын, сондай-ақ қызметтің осымен байланысты жекелеген түрлерін лицензиялау ережелерімен келісу	2004-2006
10	Экспорттық бақылауды жүзеге асыру ережелері мен тауарлар және екі мемлекетте экспорттық бақылауға жататын технологиялар тізбесін үйлестіру	2005
*11	Тауарларды енгізуге және/немесе шығаруға лицензияларды, сертификаттар мен рұқсаттарды өзара тану	2006
*12	Сертификаттау жөніндегі органдарды және сәйкестікті бекіту жөніндегі жұмыстарды атқаратын сынақ зертханаларын (орталықтарын) аккредитациялаудың келісілген тәртібін әзірлеу	2006

II бөлім. Бәсеке саясаты саласында	<p>З а ң н а м а н ы :</p> <ul style="list-style-type: none"> - шаруашылық жүргізуші субъектілердің рыноктағы басымдық жағдайын теріс пайдалануының алдын алу және жолын кесу; - шаруашылық жүргізуші субъектілердің бәсекені шектейтін келісімдерінің (келісілген іс-қимылдарының) алдын алу және жолын кесу; - теріс пиғылды бәсекелестіктің алдын алу және жолын кесу; - экономикалық шоғырлануды мемлекеттік бақылау бөлігінде үйлестіру 	2004-2005
III бөлім. Кеден ісі мен шекаралық саясат саласында Кедендік заңнаманы біріздендіру	<p>14</p> <p>Екі елдің кеден органдары арасында кедендік бақылаудан өтетін тауарлардың жеткізілуін бақылаудың бірыңғай жүйесін құру жөніндегі шараларды әзірлеу</p> <p>15</p> <p>Тауарларды екі елдің кеден органдары арасында кедендік бақылаудан өткізу кезінде кедендік төлемдерді төлеуді қамтамасыз етудің бірыңғай шараларын әзірлеу</p> <p>16</p> <p>Кедендік заңнама саласында бірыңғай тәртіп енгізу:</p> <ul style="list-style-type: none"> - кедендік заңнама саласында алдын ала шешімдер қабылдау; - кедендік бақылау мақсаттары үшін тауарларды, көлік құралдарын және олардың құжаттарын ұсыну; - әр түрлі көлікпен алып жүрілетін тауарларды кедендік ресімдеу <p>17</p> <p>М ы н а л а р д ы ң :</p> <ul style="list-style-type: none"> - кедендік төлемдердің сомаларын қайтарудың; - кедендік төлемдерді төлеуді кейінге қалдыру мен мерзімін ұзартып төлеуді ұсыну; - арнайы таңбалануға жататын тауарларды кедендік ресімдеудің; - тарифтік және салықтық жеңілдіктер ұсынылатын тауарларды бақылаудың бірыңғай тәртібі мен ережелерін әзірлеу <p>18</p> <p>Тауарлардың, соның ішінде үшінші елдерде шығарылатын тауарларды кедендік бағалаудың бірыңғай ережелерін ДСҰ-ның нормалары мен ережелерін ескере отырып әзірлеу</p> <p>19</p> <p>Тауарлар шығарылған елдерді, соның ішінде үшінші елдерді айқындаудың бірыңғай ережелерін әзірлеу</p> <p>20</p> <p>Бірлескен кедендік бақылау мен екі елдің уәкілетті органдары беретін құжаттарды өзара тануды енгізу</p> <p>21</p> <p>Екі ел арасында электр энергиясын тасымалдау шарттарымен келісу, электр энергиясын кедендік ресімдеу мен кедендік бақылауды біріздендіру</p> <p>22</p> <p>Тауарларды екі елдің кеден аумақтары арқылы транзитпен өтуі туралы келісімді дайындау</p>	2004
Кеден қызметтерінің бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық жүйесін құру жөніндегі шараларды қабылдау	<p>23</p> <p>Кеден қызметтерінің бірыңғай ақпараттық технологияларды қолдану жөніндегі іс-шараларды әзірлеу</p>	2004-2005

Қазақстан мен Қырғызстанның сыртқы шекараларында экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, контрабандаға қарсы күрестің бірлескен шаралары		
24	Кедендік құқық бұзушылық мәселелері бойынша қылмыстық және әкімшілік заңнамаларын үйлестіру	2004-2005
25	Кеден және шекара кадрларын халықаралық стандарттар мен талаптарға сәйкес даярлау және қайта даярлау бойынша ынтымақтастықты ұйымдастыру	тұрақты
*26	Кеден ісінде біріздендірілген талдау жүйесі мен тәуекелдерді басқару тұжырымдамаларын әзірлеу	2005-2006
Қазақстан мен Қырғызстанның сыртқы шекараларындағы дағдарыс жағдайларын жою кезінде өзара іс-қимыл жүйесін құру		
27	Сыртқы шекараларда дағдарыс жағдайлары туындаған кезде және оларды жою кезінде Тараптардың күштері мен құралдарын пайдалана отырып екі елдің шекара ведомстволарының жедел өзара іс-қимыл жүйесін жасау	2004
28	Халықаралық терроризмге қарсы күрес және екі ел аумағына заңсыз қоныс аударуға қарсы әрекет ету жөніндегі шараларды іске асыру	2004-2005
29	Екі ел аумағына есірткі құралдарының, қару-жарактың және өзге де контрабанданың енуіне қарсы күрес жөніндегі шараларды іске асыру	2004-2005
ІҮ бөлім. Келісілген экономикалық саясат жүргізу		
Макроэкономикалық саясатты үйлестіру		
30	Екі ел экономикасы жағдайының және дамуының мониторингін жүргізу. Тауарлармен және қызмет көрсетулермен өзара сауда, инвестициялық қызмет жағдайы мен серпінін талдауды қоса алғанда, екі елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайы туралы тоқсандық лездеме-ақпараттар мен жылдық баяндамаларды дайындау	тұрақты
31	Әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламаларын талдау негізінде экономикалық реформаларды жүргізу жөнінде келісілген іс-қимылдарды әзірлеу	тұрақты
32	Әлеуметтік-экономикалық дамудың басым бағыттары бойынша бірлескен ғылыми-техникалық бағдарламаларды қалыптастыру және іске асыру	2004-2006
*33	Темір жол көлігі, телекоммуникациялар, электр энергиясын беру, мұнай мен газды тасымалдау және т.б. саласындағы табиғи монополиялардың қызметін реттеудің бірыңғай қағидаттарын қалыптастыру	2005-2006
Бюджеттік реттеу		

саласындағы заңнаманы үйлестіру		
34	Бюджеттік реттеу саласындағы ұлттық заңнамаға салыстырмалы-құқықтық талдау жүргізу	2004
35	Бюджеттік реттеу саласындағы заңнаманы, соның ішінде бюджеттерді, тиісті рәсімдерді және заңнаманы қалыптастыру мен атқарудың жалпы қағидаттарын үйлестіру	2004-2005
36	Қазақстан мен Қырғызстанның бюджет процесі бойынша ақпарат алмасуды ұйымдастыру	2004-2005
Салық саясаты саласында		
37	Салық заңнамаларына салыстырмалы-құқықтық талдау жүргізу	2004
38	Салық заңнамасын жеке және салалық сипаттағы жеңілдіктер мен преференциялар беру бөлігінде үйлестіру	2004-2005
39	ҚҚС тәртібі мен қайтару мерзімдерін біріздендіруді қоса алғанда, экспорт кезіндегі жанама салықтар алудың бірыңғай ережелеріне көшу	2004-2005
40	Ірі салық төлеушілердің салық төлеуін бақылауды ұйымдастыру жүйесін жетілдіру	2004-2005
41	Трансферттік баға белгілеу саласындағы салықтық және кедендік бақылауды жетілдіру	2004
42	Акциз ставкаларын жақындату	2004-2005
Ү бөлім. Экономиканың нақты секторында өзара іс-қимылды жандандыру және инвестициялық ынтымақтастық		
43	Экономиканың басым салаларында мемлекетаралық мақсатты бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру	тұрақты
44	Қырғыз Республикасының Ыстықкөл көлінде орналасқан санаториялық-курорттық объектілерге ("Автомобилист" (Қорымды с.) және Самал» (Бостері с.) демалыс үйлері, "Қазақстан» санаторийі (Бостері с.), " университет" спорттық-сауықтыру лагері (Бостері с.) меншік құқығын реттеу	2004
*45	Мемлекеттік сатып алулар саласындағы заңнаманы үйлестіру арқылы мемлекеттік сатып алулар саласында үйлестірілген саясатты әзірлеу	2005
*46	Интеллектуалдық меншік құқығын қорғау, инновациялық қызметті ынталандыру саласындағы заңнаманы үйлестіру	2005-2006
ҮІ бөлім. Энергетикалық рынокты қалыптастыру және бірлесіп дамыту		
Энергетикалық рынокты дамыту және бірыңғай энергожүйе құру		
47	Энергетика саласындағы қатынастарды реттейтін қолданыстағы ұлттық заңнамаларға оларды біріздендіру бойынша ұсыныстар әзірлеу үшін талдау жүргізу	2004-2005

48	Өндірістік активтеріне тәуелсіз бақылау нәтижелері бойынша тепе-теңдік негізде Қырғыз Республикасының аумағы арқылы өтетін Бұхара газ айдау аудандары-Ташкент-Бішкек-Алматы» магистральді газ құбыры участкелерін бірлесіп пайдалану жөніндегі Қырғыз-Қазақстандық бірлескен кәсіпорнын құру	2004 жылғы I тоқсан
49	Екі елдің электр энергиясы рыногына рұқсат беру және Нарын-Сырдария бассейнінің су ресурстарын ұтымды пайдалануды ескере отырып, екі мемлекет аумағы бойынша электр энергиясы транзитін ұсыну	2004
50	Геологиялық барлау саласында бірлескен шаралар кешенін жүзеге асыру, тау кен шикізаты объектілерін зерттеу	2004-2006
51	Су қоймаларының Нарын-Сырдария каскадының су-энергетикалық ресурстарын пайдалану режимдерін оңтайландыру мақсатында бірлескен кәсіпорын құру жөніндегі Қазақстан Республикасының нақты ұсыныстарын қарау және жағдайларды айқындау	2004 жылғы II тоқсан
52	Қамбарата ГЭС-ін бірлесіп салу және пайдалану жөніндегі Қырғыз Республикасының ұсыныстарын қарау және жағдайларды айқындау	2004 жылғы II тоқсан
53	Қатар жұмыс жүргізу режимінде ұлттық энергожүйелерінің тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету	тұрақты
ҮІІ бөлім. Көлік одағын құру және транзиттік әлеуетті іске асыру		
54	Екі елдің Бірыңғай көлік кеңістігін қалыптастыру жөніндегі іс-шараларды әзірлеу	2004-2006
55	Жүктерді Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасының темір жолдарымен тасымалдау кезінде екі елдің шаруашылық жүргізуші субъектілері үшін ұлттық тарифтер режимін ұсыну жөніндегі Қырғыз Р е с п у б л и к а с ы н ы ң нақты ұсыныстарын қарау және жағдайларды айқындау	2004 жылғы II тоқсан
56	Екі ел арасында рұқсатсыз негізде автомобиль бағыттарын ұйымдастыру	2004 жылға I тоқсан
ҮІІІ бөлім. Агроөнеркәсіптік саладағы өзара іс-қимыл		
Келісілген аграрлық саясат жүргізу		
57	Агроөнеркәсіптік сектордың жекелеген сегменттері бойынша өзара іс-қимылды ұйымдастыру	2004-2005
ІХ бөлім. Ортақ қаржы рыногын қалыптастыру және валюталық интеграцияны дамыту		
Валюта және қор рыноктарындағы ынтымақтастықты дамыту		
58	Екі елдің құнды қағаздар рыногында келісілген саясат жүргізу	2004
59	Құнды қағаздар рыногында кәсіптік қызметті жүзеге асырудың бірыңғай қағидаттарын әзірлеу	2004

*60	Екі елдің шаруашылық жүргізуші субъектілерінің құнды қағаздардың ұлттық рыноктарына қол жеткізуінің тең жағдайларын қамтамасыз ету	2005
*61	Интеграцияланған валюта рыногын қалыптастыру	2004-2005
*62	Құнды қағаздар эмиссиясы тәртібін біріздендіру	2006
Ортақ қаржы рыногын қалыптастыру. Ортақ банктік қызмет көрсетулер рыногын құру		
*63	Екі елдің банктік заңнамасын үйлестіру	2004-2005
*64	Банктердің қызметін реттеу мен қадағалауды Базель қағидаттарына сәйкес келтіру	2006
*65	Халықаралық стандарттарға сәйкес кредит-қаржы ұйымдарындағы жеке тұлғалардың салымдарын кепілдендіру (сақтандыру) жүйесін құру	2006
Ортақ сақтандыру рыногын қалыптастыру		
*66	Сақтандыру заңнамасына талдау жүргізу және екі елдің ортақ сақтандыру рыногын құру жөніндегі құжат жобасын дайындау	2005
*67	Екі елдің сақтандыру қызметі рыногындағы операцияларын реттейтін заңнамаларын үйлестіру	2005
*68	Екі ел инвесторларының мүддесін қорғауды сақтандырудың ортақ жүйесін қалыптастыруға жәрдемдесу	2005
*69	Сақтандыру ұйымдарының қызметін реттеу мен қадағалауды халықаралық қағидаттармен сәйкес келтіру	2006
*70	Капитал салымдарын жүзеге асыруды қоса алғанда, соның ішінде жекешелендіру жолымен мекемелерге және компаниялар қызметіне қатысты Қазақстан мен Қырғызстанның жекелеген секторлардағы бір-бірінің алуларын сақтай отырып, ұлттық режимді ұсыну үшін жағдай жасау	2006 және кейінгі жылдар
*71	Екі ел арасындағы капитал қозғалысымен байланысты операцияларды толық ырықтандыру	2005
Х бөлім.		
Әлеуметтік-гуманитарлық саладағы және көші-қон саясаты саласындағы ынтымақтастық		
Келісілген әлеуметтік саясатты қалыптастыру		
72	Халықтық табысы мен тұрмыс деңгейі саласындағы әдістемелік, нормативтік, құқықтық кесімдерді талдау	2004-2005
73	Өзара жедел және шұғыл медициналық көмек ұсынуды қамтамасыз ету	тұрақты
74	Бұқаралық ақпаратты еркін алмасу және таратуды қамтамасыз ету	тұрақты
75	Қазақ диаспорасының жинақы тұратын жерлерінде қазақ тілінде оқытатын сыныптарды, топтар мен мектептерді ашуға жәрдемдесу	2004-2005
76	Зейнетақымен қамтамасыз ету саласындағы заңнаманы үйлестіру жөніндегі шараларды әзірлеу	2006-2007

77	Халықтық медициналық-әлеуметтік сараптауын ұйымдастыруына, мүгедектерді оңалту және оңалту индустриясына келісілген қағидаттары мен әдістерін белгілеу жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу	2004-2006
Еңбек көші-қонын реттеу және азаматтардың еркін жүріп-тұруын қамтамасыз ету		
78	Азаматтардың екі ел аумағында еркін жүріп-тұруын қамтамасыз ету	2004-2006
*79	Көші-қон саясаты қағидаттарын біріздендіру	2006
80	Қырғызстанның Қазақстанда жұмыс істейтін көшіп келушілерінің және Қазақстанның Қырғызстанда жұмыс істейтін көшіп келушілерінің уақытша еңбек іс-әрекетімен байланысты мәселелерді реттеу	2004
81	Үшінші елдерге қатысты келісілген визалық саясат жүргізу	2004-2006
XI бөлім. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастық		
82	Қоршаған ортаның, соның ішінде трансшекаралық объектілердің ластануының алдын алу және экологиялық мониторинг енгізу бойынша келісілген іс-қимылды ұйымдастыру	2004-2005
83	Жаһандық экологиялық мәселелерді шешудегі бірлескен жобаларды жүзеге асыру және қоршаған ортаны қорғау саласында ақпарат алмасуды ұйымдастыру	2004-2006
84	Қоршаған ортаны қорғау және тұрақты дамыту саласындағы өңірлік іс-қимыл жоспарларын іске асыруға қатысу	тұрақты
85	Табиғат қорғау заңнамасын үйлестіру	2004-2006
XII бөлім. Телекоммуникациялық одақты қалыптастыру		
86	Екі елдің бірыңғай ақпараттық кеңістігін қалыптастыру жөніндегі шаралар кешенін әзірлеу	2004-2006
87	Бірыңғай ақпараттық кеңістікке ену мақсатында ақпараттандыру технологияларын дамытуда тәжірибе алмасу	2004-2006
Байланыс және ақпараттандыру саласындағы өзара іс-қимыл		
88	Почталық жөнелтілімдерді шекара арқылы өткізу рәсімдерін жеделдету және олардың сақталуын қамтамасыз ету бойынша бірлескен іс-шараларды әзірлеу	2004-2006
89	Екі ел аумағында тарату үшін халықтың мерзімді басылымға сұранысын қанағаттандыру жөніндегі өзара іс-қимылдарды одан әрі кеңейту	2004-2006
Телекоммуникациялар саласында		
90	Қазақстан байланыс спутнигінің транспондерлерін бірлесіп пайдалану және іске қосу мүмкіндіктерін зерттеу	2004-2005

*91	Телекоммуникациялық компаниялардың акционерлік капиталына қатысу мүмкіндігін зерттеу	2004-2005
92	Телекоммуникациялар саласында келісілген тариф саясатын жүргізу	2005-2007
ХІІІ бөлім. Туризм саласындағы ынтымақтастық		
93	"Ұлы Жібек Жолы" бірлескен туристік жобаны қалыптастыру жөніндегі шараларды әзірлеу	2004-2005

Ескерту: * - ЕурАзЭҚ ортақ кедендік тариф енгізілгеннен кейін іске асырылуы мүмкін іс-шаралар

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК